Ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер-2,3 ШЖШ_{м.б}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер-3,7 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді-2,9 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді-2,5 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді-2,9 ШЖШ_{м.б} және күкіртті сутегі-2,5 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.3 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 21 су объектісінде: Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шелек, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінде, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймаларында жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Кіші Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 11 км жоғары, су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ион - 0,95 мг / дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., қаладан 4,0 км төмен, су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 3,8-12,5 °С аралығында, сутегі көрсеткіші 7,27-7,59, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,8-11,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,0-1,1 мг/дм³, түсі – 3-4 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,6 мг/дм³.

Үлкен Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 9,1 км жоғары су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер-0,88 мг/дм³, ОХТ-22 мг/дм³. Фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Алматы қ., Сайран көлден 0,5 км төмен су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,54 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ион - 0,68 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 3,0-7,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,41-7,54, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,7-11,0 мг/дм³, ОБТ5 –0,7-1,2 мг/дм³, түсі – 4-6 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,53 мг / дм³.

Есентай өзені:

- Алматы қ., Аль-Фараби даң., көпірден 0,2 км жоғары су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,59 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- - Алматы қ., Рыскулов даң., көпірден 0,2 км жоғары, су сапасы 1 класқа жатады.

Есентай өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 5,5-5,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,54-7,57, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,2-11,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,1-1,4 мг/дм³, түсі – 4-5 градус, иісі –0 балл болып белгіленген.

Су сапасы 1 класқа жатады.

Текес өзенінде су сапасы 3 класқа жатады: магний – 24,13 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Текес өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,6-4,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,38-7,47, суда ерітілген оттегінің концентрациясы-12,5 –12,8 мг/дм³, ОБТ5-0,5 – 1,7 мг/дм³, түсі – 5-7 градус, иісі- 0 балл.

Қорғас өзені:

-Басқұншы а., су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: магний-20,4 мг / дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Ынтылы заставасы су сапасы 2 класқа жатады: марганец -0,076 мг / дм³, ОХТ-16 мг/дм³. Марганец пен ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,9-10,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,06-7,37, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,9-11,9 мг/дм³, ОБТ5 – 0,9-2,6 мг/дм³, түсі – 5-7 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады: марганец-0,059 мг/дм³.

Іле өзенінде:

- Добын ай., су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,87 мг/дм³, магний - 23,7 мг/дм³, фосфаттар - 0,413 мг/дм³. Аммоний

ионының, магнийдің, фосфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ГБ 164 км, Қапшағай ГЭС су бекеті тұстамасында, 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,82 мг/дм³, магний - 24,3 мг/дм³. Аммоний ионының, магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қапшағай т. м., ГЭС-тен 26 км төмен су бекеті тұстамасында, су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар-20 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Үшжарма а., Үшжарма ауылынан 6,0 км төмен, су сапасы 3 класқа жатады: магний -20,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Жиделі тармағынан 1 км төмен ГБ, Арал-Тюбе а. 1,6 км төмен, су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 15 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ГБ бастауынан 16 км төмен, су бекеті тұстамасында, 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 15 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Жиделі а. ГБ, орталық мекеннен 0,5 км төмен, су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 11 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Іле өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,5-9,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,2-8,1, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10-12,1 мг/дм³, ОБТ5 –0,7-1,5 мг/дм³, түсі – 4-7 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний - 22,0 мг/дм³.

Қапшағай су қоймасы:

- Қапшағай қ., (Қаскелен өз. сағасынан 4,5 км А-16) су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 20 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қарашоқы а., ауыл шекарасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 20 мг/дм³, магний - 35,5 мг/дм³. Қалқыма заттар мен магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қапшағай су қоймасы барлық тұстамасы су температурасы 8,7-9,0 °С шегінде, сутектік көрсеткіш – 8-8,1, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11-11,2 мг/дм³, ОБТ5 –0,5-0,8 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар-20 мг/дм³.

Лепсі өзені:

- Лепсі стансасы су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,67 мг / дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Төлебай а. су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,57 мг/дм³, магний - 21,4 мг/дм³. Аммоний ионының, магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Лепсі өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,2-2,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,79-8,02, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,9-12,9 мг/дм³, ОБТ5 –1,2-1,68 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,62 мг / дм³.

Ақсу өзені:

- Матай стансасында су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,86 мг / дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 3,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,87, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,0 мг/дм³, ОБТ5 -1,3 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Қаратал өзені:

- Талдықорған қ. су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ион-0,68 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Текелі қ. су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы-1,06 мг/дм³.

- Үштөбе а. су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,98 мг/дм³, магний - 21,9 мг/дм³. Аммоний ионының, магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаратал өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,2-4,0 °С шегінде, сутектік көрсеткіш – 7,8-8,0, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,3-9,9 мг/дм³, ОБТ5 –0,9-1,2 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,91 мг / дм³.

Шарын өзенінде, Сарытоғай т.м., автокөлік көпірінен 3,0 км жоғары, 2 класқа жатады: ОХТ – 21 мг/дм³, фосфаттар-0,211 мг/дм³. ОХТ, фосфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,7 °С шегінде, сутектік көрсеткіш – 7,47, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,3 мг/дм³, ОБТ5 -0,5 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Шелек өзенінде, Малыбай а., бөгеттен 20 км төмен, су сапасы 2 класқа жатады: фосфаттар - 0,213 мг / дм³. Фосфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,42, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,9 мг/дм³, ОБТ5 -1,4 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Баянкөл өзенінде, Баянкөл а. су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: магний-20,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,95, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,1 мг/дм³, ОБТ5 -1,5 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Күрті су қоймасында, Күрті а. су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,52 мг / дм³, магний-21,4 мг/дм³. Аммоний ионының, магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 6,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,46, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,0 мг/дм³, ОБТ5 -1,1 мг/дм³, Түсі – 5 градус, иісі –0 балл.

Бартоғай суқоймасында, Көкпек а., су сапасы 3 класқа жатады: магний - 24,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 0,8 °C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,4, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,1 мг/дм³, ОБТ5 -1,2 мг/дм³, түсі -6 градус, иісі – 0 балл.

Есік өзенінде, Есік қ., автожол көпірі, су бекеті тұстамасында, су сапасы 1 класқа жатады.

Су температурасы 1,4 °C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,85, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,7 мг/дм³, ОБТ5 -1,2 мг/дм³, түсі -5 градус, иісі – 0 балл.

Қаскелен өзені:

- Қаскелен қ., автожол көпірі, су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ион-0,93 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Саға, Заречное а. 1 км жоғары, су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы-1,14 мг / дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаскелен өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,7-6,0 °C шегінде, сутектік көрсеткіш – 7,69-7,85, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,3-11,4 мг/дм³, ОБТ5 –0,6-1,2 мг/дм³, түсі – 6-7 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-1,0 мг / дм³.

Қарқара өзенінде, қаладан шыққанда, су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: магний – 20,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 0,1 °C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,40, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,6 мг/дм³, ОБТ5 -1,2 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Түрген өзені:

- Таутүрген а., ауылдан 5,5 к жоғары, су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 19 мг/дм³. ОХТ-ның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,5 °C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,32, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,9 мг/дм³, ОБТ5 -1,4 мг/дм³, түсі -6 градус, иісі – барлық жармаларда 0 балл.

Талғар өзенінде, Талғар қ., автожол көпірі, су сапасы 1 класқа жатады.

Су температурасы 1,2 °C шегінде, сутектік көрсеткіш – 7,26, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,2 мг/дм³, ОБТ5 -0,9 мг/дм³, түсі -7 градус, иісі – 0 балл.

Темірлік өзенінде, Шарын өз. құйылысынан төмен, су сапасы 3 класқа жатады: магний – 26,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,7 °C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,44, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,6 мг/дм³, ОБТ5 -1,7 мг/дм³, түсі – 6 градус, иісі – 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы қарашада Алматы облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы келесідей бағаланады: 1 класс - Есентай, Есік, Талғар өзендері; 2 класс-Қорғас, Шарын, Түрген, Шілік өзендері; 3 класс- Үлкен Алматы, Текес, Іле, Баянқөл, Қаскелең, Темірлік, Қарқара, Ақсу, Қаратал, Лепсі өзендері, Күрті, Бартоғай су қоймалары; 4 класс-Кіші Алматы өзені, Қапшағай су қоймасы (4-кесте).

2019 жылғы қарашамен салыстырғанда Үлкен Алматы, Іле, Текес, Шілік, Түрген, Қаскелең өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеді, Кіші Алматы, Есентай, Қорғас, Лепсі, Қаратал, Ақсу, Шарын, Есік, Талғар Темірлік өзендерінде, Күрті, Бартоғай су қоймаларында – жақсарды; Баянкөл, Қарқара өзендерінде, Қапшағай су қоймасында-нашарлады.

3.4 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласының 1 автоматты бекетінде (№2 ЛББ) бақылау жүргізілді (3.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12-0,23 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., бұл табиғи фоннан аспайды.

3.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1-2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3 сур. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

4. Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі


4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер,, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
8			Сырдарья даңғ., 3	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
9			Береке шағын ауданы, Берекеөндірістік ауданы	



4.1 сур. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (4.1 сур.) Атырау қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ЕЖҚ мәні бойынша 2,9% (көтеріңкі деңгей), СИ=3,4 (көтеріңкі деңгей) болып бағаланды (1, 2 - сур.). Қала ауасы Атырау қаласында орналасқан №6 автоматты бекет аумағында (Бигелдинов көшесі 10А, Атырау филиалының жанында) күкіртті сутегімен басым ластанған.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа-бірлік озон (жер үсті қабаты) -1,3 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектер РМ-2,5 бойынша -1,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер РМ-2,5-1,6 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер РМ-10-1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Махамбет Өтемісов к-сі, 37а	қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2 сур. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (4.2-сурет) Құлсары қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деңгейде болды, СИ мәні бойынша 0,8 (төмен деңгейі) және ЕЖҚ= 0% (төмен деңгейі) бағаланды (1, 2 - сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа және максималды-бірлік шоғырлары ластаушы заттардың ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 5 су объектісінде Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде, Перетаска және Яик тармағында жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Индер кенті тұстамасы: су сапасы 5 класс: қалқыма заттар – 142 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Атырау қ., 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 25 мг/дм³.

– 0,5 км жоғары "Атырау су арнасы" КМК» тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,5 мг/дм³.

– Атырау қ., 0,5 км төмен "Атырау су арнасы" КМК» тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 24,7 мг/дм³.

– Атырау қ., 1 км төмен: су сапасы 3 класқа жатады тұстамасы: магний – 29,4 мг/дм³.

- "Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 3 км төмен Курилкино тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,3 мг/дм³

- "Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары Курилкино тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,8 мг/дм³.

- Дамба кенті тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,8 мг/дм³

Жайық өзені бойынша су температурасы 7,0-7,5°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 6,6-7,5мг/дм³, судағы еріген оттегі – 7,7-8,3мг/дм³, ОБТ₅ – 2,5-3,0

мг/дм³, түстілігі – 32,4-34,7 градус, мөлдірлігі – 22,6-24,2 см, иісі – 0 балл барлық тұстамада.

Жайық өзені бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 148,5 мг/дм³.

Перетаска тармағы:

-Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км төмен» тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,5 мг/дм³, .

Перетаска тармағы бойынша су температурасы 18,8°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 6,9, судағы еріген оттегі – 8,0 мг/дм³, ОБТ₅ –2,7 мг/дм³, түстілігі – 33,7 градус, мөлдірлігі – 22,9 см, иісі –0 балл барлық тұстамада.

Яик тармағы:

-Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары» тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,1 мг/дм³.

-Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км төмен» тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 26,5 мг/дм³.

Яик тармағы бойынша су температурасы 6,8-6,9°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,2-7,4, судағы еріген оттегі – 8,1-8,2мг/дм³, ОБТ₅ –2,6-2,7 мг/дм³, түстілігі – 32,8-32,9 градус, мөлдірлігі – 23,1-24,2 см, иісі – 0 балл барлық тұстамада.

Яик тармағы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: магний – 27,3мг/дм³.

Шаронов тармағы:

Шаронов тармағы бойынша су температурасы 6,7°C, сутегі көрсеткіші – 6,5, судағы еріген оттегі – 8,1мг/дм³, ОБТ₅ –2,7 мг/дм³, түсі – 33,5 градус, мөлдірлігі – 23,4 см, иісі – 0 балл.

Ганюшкино а. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 159 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қиғаш өзенінің саласы:

Қиғаш өзенінің саласы бойынша су температурасы 7,2°C, сутегі көрсеткіші – 6,8, судағы еріген оттегі – 7,9мг/дм³, ОБТ₅ –2,8 мг/дм³, түстілігі – 34,1 градус, мөлдірлігі – 24,5 см, иісі – 0 балл.

Котяевка а. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 156мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылдың қарашасында Атырау облысы аумағындағы су объектілеріндегі су сапасы: 3 класс- Яик тармағы; 4 класс - Перетаска тармағы; нормаланбайды (>5 класс) – Жайық, Қиғаш және Шаронова өзендері.(4 кесте).

2019 жылдың қараша айымен салыстырғанда Жайық, Қиғаш, Шаронова өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеді.

4.4. Атырау облысы жер үсті суларының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша сапасының жай-күйі

Жайық, Қиғаш өзендерінде және Шаронов арнасында гидробиологиялық бақылау жүргізілді.

Жайық өзені.

Биотестілеу. Жайық өзені бойынша биотестингтік тест параметріне сәйкес бақылау нүктелерінің кезекті орналасқан жері: Дамба кентінде - 0%, Атырау қаласы "Атырау су арнасы" КМК шығарындыдан 0,5 км төмен - 0%. Индер кенті «су қоймасының су бекетінде» -0%. Алынған мәліметтер сынақ объектісінде суда уытты әсерінің болмауын көрсетеді.

Шаронов тармағы.

Биотестілеу. Сынақ объектісі үшін судың өткір уыттылығын анықтау процесінде өлшенген дафнияның ағымды бақылауға (сынақ параметріне) қатысты пайызы 0% құрайды. Сынақ объектісінде улы әсер табылған жоқ.

Қиғаш өзені.

Биотестілеу. Кигаш өзеніндегі биотестинг кезінде алынған деректер сынақ объектісіне улы әсерін тигізбеді. Зерттелген суда қалған дафнилердің саны 100%-ды құрады. Сынақ параметрі - 0%.

Атырау облысының аумағында 3 су объектісінде (Жайық, Қиғаш өзендері және Шаронов арнасы) биотестілік (судың өткір уыттылықты анықтау) жүзеге асырылды.

Жайық, Кигаш өзендерінде, Шаронов арнасында токсикологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының сапасы тірі ағзаларға өте уытты әсер етпеді. Жайық өзенінің тұстамасында сынақ көрсеткіші-0%, Қиғаш өзенінде-0%, Шаронов тармағында-0% шегінде болды (5 қосымша).

4.5 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты (*Құлсары №7*) бекетте жүргізілді (4.12 сур.).


Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 - 0,28 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда

(Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.12 сур.). Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,4 – 1,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.6 сур. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5. Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, күшталаның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен, гамма-фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш анықталады.
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Мұхамеджан Тынышпаев көшесі, 126	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2		үзіліссіз режимде	Льва Толстого көшесі, 18	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот

3	әр 20 минут сайын	Шәкәрім көшесі, 79	диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сутегісінің сомасы, аммиак, метан
---	-------------------	--------------------	--



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.1-сур.), Өскемен қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып сипатталады, №2 бекеті (Лев Толстой, 18) аумағында күкірт диоксиді бойынша СИ 5,4-ке (жоғары деңгей), №1 бекеті (Рабочая к., 6) аумағында қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша ЕЖҚ=12% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,1 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 2,7 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, қорғасын – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, (РМ-10) қалқыма бөлшектері - 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, хлорлы сутек – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшала
6			Клинка көшесі, 7	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Семипалатинская көшесі, 9	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сутегісінің соммасы, аммиак, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.2-сур.), Риддер қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол №3 бекеті (Семипалатинская к., 9) аумағында күкірт диоксиді бойынша СИ=1,6 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: (РМ-10) қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ_{0.т.}, күкірт диоксиді – 1,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір-реттік шоғыры 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3 -кесте).

5.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.3 сур.), Семей қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол №3 бекеті (Аэрологическая станция к., 1) аумағында (РМ-2,5) қалқыма бөлшектері бойынша СИ=3,7 (жоғары деңгей) және №1 бекеті (Найманбаев к., 189) аумағында күкіртті сутегі бойынша ЕЖҚ=10% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Фенолдың орташа айлық шоғыры 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: (РМ-2,5) қалқыма бөлшектері – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, (РМ-10) қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ленин көшесі, 15	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшала, гамма-фон.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 11А	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі



5.4-сур. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.4-сур.), Глубокое к. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып сипатталады, ол №2 бекеті (Попович к., 11А) аумағында күкірт диоксиді бойынша СИ=6,0 (жоғары деңгей), ЕЖҚ 4% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: озон - 1,7 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,9 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлаыр бойынша: күкірт диоксиді – 6,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.5 Алтай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Астана көшесі, 78	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді



5.5-сур. Алтай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.5-сур.), Алтай қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол №1 бекеті (Астана к., 78) аумағында (РМ-2,5) қалқыма бөлшектері бойынша $СИ=3,6$ (көтеріңкі деңгей) және $ЕЖҚ=7\%$ (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: (РМ-2,5) қалқыма бөлшектері - 1,7 ШЖШ_{о.т.}, (РМ-10) қалқыма бөлшектері - 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: (РМ-2,5) қалқыма бөлшектері – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, (РМ-10) қалқыма бөлшектері – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 Шығыс-Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су объектісінде: Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендерінде жүргізілді

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Қара Ертіс өзені

- **Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 1,5 °С, сутегі көрсеткіші 7,33, судағы еріген оттегінің шоғыры – 13,4 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,15 мг/дм³, түстілігі 10 градус, иісі – 0 балл.

– Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан 0,3 км жоғары, оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Ертіс өзені

- Өскемен қ. қала шегінде; Өскемен ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09): су сапасы 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 4,2 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 6,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 1 - класқа жатады.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 – класқа жатады: марганец 0,018 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

- Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 – класқа жатады.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 7,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Семей қ. 3 км қаладан төмен; Қалалық «Су каналы» Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 6,8 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Ертіс өзені бойында су температурасы 4,5°C – 9,3 °C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,69-8,13, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,78-11,9 мг/дм³, ОБТ₅ 1,35-2,81 мг/дм³.

Ертіс өзені ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Бұқтырма өзені

- Алтай қ.Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алтай қ. Зубовка а.шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,019 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бұқтырма өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,2 °C, сутегі көрсеткіші 7,95-8,03, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,5-13,0 мг/дм³, ОБТ₅ 2,63-2,98 мг/дм³.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм³.

Брекса өзені

- Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 20,9 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,110 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Брекса өзені бойында су температурасы 0,6 °C – 3,2 °C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-7,87, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,3-11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 2,37-3,00 мг/дм³.

Брекса өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,3 мг/дм³.

Тихая өзені

- Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,86 мг/дм³,

кадмий – 0,0015 мг/дм³. Аммоний ионы мен кадмийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы су сапасы 2класқа жатады: марганец – 0,025 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тихая өзені бойында су температурасы 3,6 °С – 5,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,36-7,63, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,8-11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 2,49-2,94 мг/дм³.

Тихая өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,56 мг/дм³.

Үлбі өзені

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм³. Марганец нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,138 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,031 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 2класқа жатады: марганец – 0,025 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,027 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Үлбі өзені бойында су температурасы 2,8 °С – 3,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,74-8,23, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,9-13,0 мг/дм³, ОБТ₅ 2,45-3,00 мг/дм³.

Үлбі өзені бойында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,047 мг/дм³.

Глубочанка өзені

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 46,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,082 мг/дм³. Марганецті нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 2,6 °С – 3,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,23-8,46, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,8-12,0 мг/дм³, ОБТ₅ 2,74-3,00 мг/дм³.

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,063 мг/дм³.

Красноярка өзені

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,032 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: кадмий – 0,0027 мг/дм³. Кадмийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Красноярка өзені бойында су температурасы 2,4-2,6°С, сутегі көрсеткіші 8,34-8,36, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,4-12,5 мг/дм³, ОБТ₅ 2,68-2,85 мг/дм³.

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: кадмий – 0,0014 мг/дм³.

Оба өзені

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

-Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Оба өзені бойында су температурасы 2,8°С, сутегі көрсеткіші 8,14-8,21, судағы еріген оттегінің шоғыры 13,5-13,7 мг/дм³, ОБТ₅ 2,74-2,92мг/дм³.

Оба өзені ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Емел өзені

Емел өз. – Қызылту а. су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Емел өзені бойында су температурасы 5,1°С, сутегі көрсеткіші 8,45, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 2,67 мг/дм³, түстілігі 15 градус, иіс – 0 балл. Емел өзені ұзындығында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,6 мг/дм³.

2020 жылдың қараша айында Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1 класс: Қара Ертіс, Ертіс, Оба өзендері; 2 класс: Бұқтырма, Глубочанка, Үлбі өзендері; 3 класс: Тихая, Красноярка өзендері; 4 класс: Емел, Брекса өзендері жатады. (кесте 4).

2019 жылдың қараша айымен салыстырғанда Қара Ертіс, Емел өзендерінің су сапасы - айтарлықтай өзгермеді; Ертіс,Брекса, Тихая, Бұқтырма, Үлбі, Красноярка, Глубочанка, Оба өзендерінің су сапасы – жақсарды.

5.7 ШҚО аумағындағы жер үсті суспасының гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы

Қара Ертіс өз. 2020 ж. қараша айында жер үсті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлген дафниялар тест-параметрі 0% құрады.

Ертіс өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 6,7% құрады; «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 16,7% құрады; ал «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 6,7% құрады; «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады.

Бұқтырма өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Екі тұстамада өлген дафниялар 0% құрады.

Брекса өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамалары «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өткір уыттылық тіркелген жоқ өлген дафниялар 6,7% құрады. Екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 43,3% құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ

Тихая өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамалары «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 10% құрады өткір уыттылық жоқ, ал екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 23,3 % құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ.

Үлбі өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамалары әр түрлі деңгейде тіркелді. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өліп қалған дафниялар 16,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлген дафниялар саны 13,3% құрады. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0%. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36

км төмен; (01) сол жағалау» өлген дафниялар саны 3,3% құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады, өткір уыттылық жоқ.

Глубочанка өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 13,3% құрады, өткір уыттылық жоқ. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар 20% құрады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 23,3% құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ.

Красноярка өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 20% құрады. Екінші «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 76,7% құрады.

Оба өз. 2020 ж. қараша айында алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Шемонаиха қ. Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09)» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады, екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады.

Емел өз. 2020 ж. қараша айында жер беті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар саны 3,3% құрады (6 қосымша).

5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.9 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04 - 0,26 мкЗв/ч шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/ч, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатас, Бакты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 - 2,8 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,

		сынама(дискретті әдіс)		фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауа ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2,8 көміртегі оксид бойынша Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы аумағында (№6 ЛББ) және ЕЖҚ = 5,3% азот диоксиді бойынша Абай және Төле би даңғылы қиылысында (№ 3 ЛББ) анықталды.

Орташа айлық шоғырлар бойынша азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, озон (жер беті) –1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар атмосфералық ауада ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша азот диоксиді - 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі -1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауа ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $СИ=1,3$ (төмен) және $ЕЖҚ=2,97\%$ (көтеріңкі) күкіртсутегі бойынша анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегінің максималды-бір реттік шоғырлары $1,3$ ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамдыәулие, №130	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауа ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $СИ=3,6$ РМ-2,5 қалқыма бөлшектері және $ЕЖҚ=1,9\%$ РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша орташа айлық шоғырлары -1,1 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері - 3,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -3,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі-1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауа ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=4,7 және ЕЖҚ=1,9% РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 4,7 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -3,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кентте атмосфералық ауа ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, $СИ=1,2$ және $ЕЖҚ=0,88\%$ РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары $1,2 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $1,09 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, азот диоксиді – $1,04 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$ құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $1,2 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$, күкіртсутегі - $1,2 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$ құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су объектісінде Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендерінде, Билікөл көлінде және Тасөткел су қоймасында жүргізіледі.

Шу, Талас және Аса өзендері бассейнінің ағысы Қырғыз Республикасының аумағында толығымен қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $88,3 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $121,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $110,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $150,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы 3 класқа жатады: магний – $25,3 \text{ мг/дм}^3$, мұнай өнімдері – $0,11 \text{ мг/дм}^3$.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы $4,0-10,2^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші $7,70-8,00$, суда еріген оттегінің шоғыры $9,97-12,5 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ_5 $1,49-2,62 \text{ мг/дм}^3$, түстілігі- $5-10$ грдус, мөлдірлігі $-4-13 \text{ см, иісі } -0$ баллды құрады.

Талас өзені ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $102,9 \text{ мг/дм}^3$.

Асса өзені:

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,0 мг/дм³, қалқыма заттар – 41,0 мг/дм³. Магний мен қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Аса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 8,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 10,1-10,6 мг/дм³, ОБТ₅ 2,19-3,24 мг/дм³, түсі 10 градус, мөлдірлігі 14-15 см, иісі – 0 баллды құрады.

Аса өзенінің су сапасы 4 класқа жатады: магний– 30,2 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Берікқара өзені су температурасы 8,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 9,97 мг/дм³, ОБТ₅ 1,52 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 15 см, иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадыр а.: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 22,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан жоғары.

Билікөл көлінің су температурасы 8,6⁰С, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 9,92 мг/дм³, ОБТ₅ 11,6 мг/дм³, ОХТ – 56,4 мг/дм³, қалқыма заттар – 77,0 мг/дм³, құрғақ қалдық 1264 мг/дм³, судың түсі 10 градус, мөлдірлігі 15 см, иісі 0 баллды құрады.

Шү өзенінің су температурасы 6,2-9,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,60-7,80, суда еріген оттегінің шоғыры 9,40-11,1 мг/дм³, ОБТ₅ 4,78мг/дм³.

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 класқа жатады: аммоний –ион – 1,34 мг/дм³, ОХТ – 30,5 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Оттегінің химиялық тұтынуы мен тұзды аммонийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады, фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Ақсу өзенінің су температурасы 5,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 11,0 мг/дм³, ОБТ₅ 4,92 мг/дм³, судың түсі 10 градус, мөлдірлігі 3 см, иісі 0 балл құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар -182,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы 5,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 4,80 мг/дм³, судың түсі 10 градус, мөлдірлігі 4 см, иісі 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 4 класқа жатады: сульфаттар – 418,0 мг/дм³, магний – 61,8, ОХТ – 34,1 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, магнийдік және сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тоқташ өзені су температурасы 5,2 ⁰С, сутегі көрсеткіші 7,80, суда еріген оттегінің шоғыры 10,1 мг/дм³, ОБТ₅ 3,02 мг/дм³, судың түсі 10 градус, мөлдірлігі 6 см, иісі 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма

заттар – 112,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 5,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 11,2 мг/дм³, ОБТ₅ 5,14 мг/дм³, судың түсі 10 градус, мөлдірлігі 4 см, иісі 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 177,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 9,4°С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 11,2 мг/дм³, ОБТ₅ 5,08 мг/дм³, түсі 5 градус, су мөлдірлігі 13 см., судың иісі 0 баллды құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 75,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2020 жылдың қараша айында Жамбыл облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 3 класс – Берікқара өзені; 4 класс – Асса, Шу және Қарабалта өзендері; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Ақсу, Тоқташ, Сарықау өзендері және Тасөткел су қоймасы (кесте 4).

2019 жылдың қараша айымен салыстырғанда Аса және Берікқара өзендері – жақсарды, Шу, Ақсу, Тоқташ және Сарықау өзендерінің су сапасы нашарлады; Талас, Қарабалта өзендерінде және Тасөткел су қоймасында су сапасы – айтарлықтай өзгермеді.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).


Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., және шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу

ТЫҒЫЗДЫҒЫ

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы $1,1-1,9 \text{ Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,6 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі

			оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербеті)
5		Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті),



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.), Орал қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғырлары 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртті сутегі – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, озон (жербетті), күкіртті сутек, аммиак, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көш. 35	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербетті), күкіртті сутегі, аммиак



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.), Ақсай қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол $СИ=2,6$ (көтеріңкі деңгей) сероводороду бойынша №4 бекет аумағында және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғыры $2,6 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16.	көміртегі оксиді, азот оксиді мен диоксиді, аммиак, озон



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.), Январцево к. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,2 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 6 су объектісінде Жайық, Шаған, Деркөл, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде және Көшім су арнасында жүргізілді.

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 20мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады қалқыма заттар – 22мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 5,0-7,0 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,60-7,67 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 9,63-10,24 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 2,33-2,96мг / дм³ құрады, түсі 12-10 градусқа дейін; мөлдірлігі -18-20 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,5мг/ л.

Шаған өзені:

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары. су сапасы 3 класқа жатады: магний – 30мг/ л. Магний нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 27,6 мг/ л. Магний нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 6,0° С , сутек көрсеткіші 7,63-7,64 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 8,86 мг/дм³, ОБТ₅ 2,44 мг/дм³ құрады, түсі 13 градусқа дейін; мөлдірлігі -17см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,8 мг/ л.

Деркөл өзені:

- тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 2 класқа жатады: магний – 22,8мг/ л. Магний нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Ростоши ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 6,0-6,2°С, сутегі көрсеткіші 7,65-7,67 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,48 мг/дм³, ОБТ₅ 2,37 мг/дм³ құрады, түсі 13-15 градусқа дейін; мөлдірлігі -15-17 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 1класс жатады.

Сарыөзен өзені:

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 7,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,67 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,50 мг/дм³, ОБТ₅ 2,44 мг/дм³ құрады, түсі 15 градусқа дейін; мөлдірлігі -15см, иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайтын (>5 класқа) жатады: хлоридтер–472,19 мг/ л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы 6,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,68 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,50 мг/дм³, ОБТ₅ 2,44мг/дм³ құрады, түсі 10 градусқа дейін; мөлдірлігі -20см, иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы :

– тұстама Көшім ауылы: су сапасы 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 20 мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 7,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,66құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,06 мг/дм³, ОБТ₅ 2,37мг/дм³ құрады, түсі 12 градусқа дейін; мөлдірлігі -18см, иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы қарашадағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 1 класс-Деркөл өзені; 2 класс- Көшім су арнасы; 3класс –Шаған өзені ; 4 класс Жайық,Сарыөзен өзендері; нормаланбайтын (>5 класқа) – Қараөзен өзені жатады.

2019 жылғы қараша айымен салыстырғанда Деркөл, Сарыөзен, өзендерінде және Көшім су арнасында су сапасы – жақсарды, Шаған өзенінде – нашарлады, Жайық, Қараөзен өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеді.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09 – 0,24 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,2 – 2,4 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады



7.4сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол

			МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), Қарағанды қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=14,7$ (өте жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №6 бекет аумағында анықталды.

**БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, $СИ > 10$ болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.*

*2020 жылғы 1, 6, 20, 21, 22, 26 қарашада №6 бақылау бекетінің мәліметі бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің 20 жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы (10,1 – 14,7 ШЖШ_{м.б.}) тіркелген.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғырлары 2,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 14,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 7,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 5,9 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі (аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.), Балқаш қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=10$ (өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында анықталды.

**БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, $СИ>10$ болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен $СИ 10$ -нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.*

*2020 жылғы 12 қарашада №2 бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртсутегінің 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) (10,01 ШЖШ_{м.б}) тіркелген, экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ (2-кесте).

Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғыры - 1,3 ШЖШ_{от}, озон (жербеті) – 1,8 ШЖШ_{м.б} қалған ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ_{от}-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 4,4 ШЖШ_{м.б} құрады, күкіртсутегі бойынша – 10,01 ШЖШ_{м.б}, Озон (жербеті) бойынша – 1,5 ШЖШ_{м.б} қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.


8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.), Жезқазған қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ = 2 (көтеріңкі) фенолдың бойынша № 3 – бекеттің аумағында (**Желтоқсан көшесі, 481, Металлургтар алаңы**) және ЕЖҚ = 39 % (жоғары деңгей) фенолдың бойынша № 3 – бекеттің аумағында (**Желтоқсан көшесі, 481, Металлургтар алаңы**) анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,8 ШЖШ_{0.т.}, фенолдың – 2,7 ШЖШ_{0.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануы бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.), Саран қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1 (төменгі деңгей) №2 бекет аумағында (Саран көшесі, 28а) озон (жербеті) бойынша анықталды және ЕЖҚ=0% анықталды.

Озон (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 2,6 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.), Теміртау қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $СИ = 3,0$ (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша № 4 – бекеттің аумағында (6-шағынаудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)) және $ЕЖҚ = 21\%$ (жоғары деңгей) фенол бойынша № 5 – бекеттің аумағында (3 «а» шағынауданы (құтқару станциясының ауданы)) анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – $1,1ШЖШ_{о.т.}$, фенол – $2,2ШЖШ_{о.т.}$ құрады, басқа ластаушы заттар – $ШЖШ_{о.т.}$ -дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – $1,2ШЖШ_{м.б.}$, көміртек оксиді – $1,2ШЖШ_{м.б.}$, күкіртсутегі – $1,5ШЖШ_{м.б.}$, фенол – $3,0ШЖШ_{м.б.}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары $ШЖШ$ -дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 8 су объектісінде Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Сарысу, Қара Кеңгір өзендерінде, Самарқан, Кеңгір су қоймаларында, Балқаш көлінде жүргізілді.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауында саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені:

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $56,6 \text{ мг/дм}^3$, ОХТ – $33,0 \text{ мг/дм}^3$. ОХТ мен магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $33,7 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,002 \text{ мг/дм}^3$. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $32,8 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,002 \text{ мг/дм}^3$. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,7 мг/дм³, ОХТ-34,0 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің, ОХТ және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,6 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Жана Талап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,7 мг/дм³, ОХТ – 31,8 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің, ОХТ және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,7 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,109 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,2-4,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,86-8,78, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,01-13,74 мг/дм³, ОБТ₅–2,14-4,12 мг/дм³, түстілігі - 14-65 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,6 мг/дм³, фенолдар-0,002 мг/дм³.

Самаркан су қоймасы

-тұстама: Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары; Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама: Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ– 33,1мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. ОХТ мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Самаркан су қоймасы- бойынша су температурасы 1,4-1,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,05-8,15, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,00-9,92мг/дм³, ОБТ₅–2,29-3,50 мг/дм³, түстілігі - 53-57 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 31,1 мгО/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Кенгір суқоймасы бойынша су температурасы 7,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,40, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,0 мг/дм³, ОБТ₅– 1,17 мг/дм³, түстілігі – 20градус; иісі – 0 балл.

-тұстама :Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,055 мг/дм³, ОХТ – 13,1 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама: «Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары» -Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,061 мг/дм³, ОХТ – 17,1 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 18,4 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 13,2 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 4,6-5,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,89-8,25, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,54-12,4мг/дм³, ОБТ₅ –1,16-1,79 мг/дм³, түстілігі – 24-38 градус; иісі – 0балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 10,64 мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км» - Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 275 мг/дм³, магний – 287 мг/дм³, сульфаттар – 1547 мг/дм³, хлоридтер – 2166 мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 253 мг/дм³, магний – 247мг/дм³, сульфаттар – 1830 мг/дм³, хлоридтер – 2194 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 281 мг/дм³, магний – 248мг/дм³, сульфаттар – 1568 мг/дм³, хлоридтер – 2216 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 3,2-3,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,36-8,54, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,1-12,4мг/дм³, ОБТ₅ –1,41-1,70 мг/дм³, түстілігі – 49-58 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 269,6 мг/дм³, магний – 260,7 мг/дм³, сульфаттар – 1748,3 мг/дм³, хлоридтер – 2192 мг/дм³.

Соқыр өзені:

Соқыр өз. - су температурасы 3,3°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,67, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,80 мг/дм³, ОБТ₅ –1,53 мг/дм³, түстілігі – 63градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы, Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы–6,35 мг/дм³, марганец – 0,130

мг/дм³, хлоридтер – 411 мг/дм³. Аммоний ионы мен хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шерубайнұра өзені:

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 1,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,64 судағы еріген оттегі концентрациясы 6,26 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,83 мг/дм³, түстілігі – 52 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында; Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 7,80 мг/дм³, марганец – 0,129 мг/дм³, хлоридтер – 408 мг/дм³. Аммоний-ионы мен хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Балқаш көлі.

Балқаш көлінде: су температурасы 4,0-6,0°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші - 8,4-8,68, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,96- 10,89 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49- 1,76 мг/дм³. ОХТ – 5,04-31,8 мг/дм³, түстілігі – 9-32 градус, қалқыма заттар – 25-49 мг/дм³, барлық тұстамаларда иісі – 0 балды құрады.

Қарағанды облысы аумағындағы 2020 жылғы қараша айы бойынша су объектілерінің сапасының Бірыңғай жіктеуі келесі түрде бағаланады: 2 класс: Кенгір суқоймасы; 4 класс- Нұра өзені, Самарқан су қоймасы; > 5класс: Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кенгір өзендері (4 кесте).

2019 жылдың қараша айымен салыстырғанда Нұра, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кеңгір өзендерінде, Самарқан және Кеңгір су қоймаларында су сапасы айтарлықтай өзгермеді.

8.7 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені

Тірі қалған дафниялар саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес тест-нысанға уытты әсері анықталынбады. Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы өзен бойынша 3% құрады.

Қара Кеңгір өзені

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес Қара Кенгір өзені бойыншатірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны тест-нысанға уытты әсер етпейтіндігі анықталып отыр.

Кеңгір су қоймасы

Тірі қалған дафниялар саны 100%, тест-параметр 0% тең. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Балқаш көлі

Зоопланктон бірлестігі сапасы жағынан тұрақты, саны жағынан жақсы дамыды. Екекеяқты шаяндар жалпы планктон санының 99,8% құрап, басымдылық танытты. Орташа саны 6,45 мың дана/м³, биомассасы 106,5 мг/м³ көрсетті. Сапроб индексі 1,76 болды. Су класы үшінші. Зоопланктон жағдайына байланысты, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон орташа дамыған. Фитопланктон негізін көк-жасыл балдырлар құрап, жалпы биомассаның 56% көрсетті. Жалпы саны 0,039 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,002 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы орташа түр саны - 3. Сапроб индексі 1,53 – 1,88 аралығында болып, орташа сан 1,76 құрады. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, Балқаш көлінің тест-көрсеткіші - 0% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді (7 қосымша).

8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Сары-шаған, Жанаарқа, Киевка Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,03 – 0,39 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 2,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет.9.1), Қостанай қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** бағаланды, №2 бекет ауданында (*Бородин көшесі, № 142 үйдің аумағында*) азот диоксиды бойынша СИ= 2,1 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ =0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Азот диоксидінің орташа айлық концентрациясы-2,10 ШЖШ_{о.т}, қалған ластанушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің ең жоғары бір реттік концентрациясы-2,10 ШЖШ_{м.б}, қалған ластанушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады. (кесте 1).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет.9.2), Рудный қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** бағаланды, №5 бекет (Молодая Гвардия көшесі, 4-ші қиылысы) ауданында күкірт диоксиді бойынша СИ =3,9 (көтеріңкі деңгей) және азот диоксиді бойынша ЕЖҚ = 10% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Күкірт диоксидінің орташа айлық концентрациясы-2,50 ШЖШ_{0.т}, азот диоксиді-1,73 ШЖШ_{0.т}, қалған ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің ең жоғары бір реттік концентрациясы-3,90 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді-1,70 ШЖШ_{м.б}, қалған ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады. (кесте 1).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет.9.3), Қарабалық к. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** бағаланады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей), СИ = 0,9 (төмен деңгей) мәнімен анықталды (сурет. 1, 2).

* РД-ға сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияларға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлануы ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың ең жоғарғы-бір реттік концентрациясы ШЖШ-дан аспады.(кесте 1).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

9.4 Арқалық қаланың эпизодтық бақылауының деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі.

Арқалық қаласы ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте –Арқалық қ.).

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон концентрациялары өлшенді.

Күкірт диоксидінің ең жоғары бір реттік концентрациясы-1,20 ШЖШ_{м.б.} қалған ластаушы заттар рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 кесте

Арқалық қаласының бақылаулар деректері бойынша ластаушы заттардың ең жоғары шоғырлануы

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШРШ
Қалқыған бөлшектері (шаңдар)	0,08	0,16
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкірт диоксиды	0,60	1,20
Көміртек тотығы	0,94	0,20
Азот тотығы	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,01	0,75
Озон	0,02	0,13

9.5 Дружба кентінің эпизодтық бақылауының деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі.

Дружба кенті ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – Дружба к.).

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон концентрациялары өлшенді.

Күкірт диоксидінің ең жоғары бір реттік концентрациясы-1,57 ШЖШ_{м.б.}. Қалған ластаушы заттар рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

(5.2-кесте).

Дружба кентінің бақылаулар деректері бойынша ластаушы заттардың ең жоғары шоғырлануы

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШРШ
Қалқыған бөлшектері (шаңдар)	0,05	0,10
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкірт диоксиды	0,78	1,57
Көміртек тотығы	0,10	0,00
Азот тотығы	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,00	0,00
Озон	0,01	0,07

9.6 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 4 су объектілесінде: Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй өзендерінде жүргізілді.

Тобыл өзені Оңтүстік Орал таулары арасында Көкпекті және Бозбие өзендері қосылған жерде бастау алады, Қазақстан Республикасының Қостанай облысы арқылы далалар мен кең алқаптарда ағады. Қазіргі уақытта Тобыл су

қоймасы каскадымен реттелген. Желкуар (Жітіқара қ.), Верхнетобол (Лисаков қ.), Қаратомар, Сергеев (Рудный қ.) және Амангелді (Қостанай қ.) су қоймалары құрылды. Одан әрі Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облыстары арқылы Тавда, Тура, Исет, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызақ өзендерінің суын өзіне ала отырып, Тобольск ескі орыс қаласының ауданында Ертіс өзеніне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

- Гришенка ауылынан 0,2 км төмен, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 29,6 мг/дм³, магний – 59,0 мг/дм³. Магний мен қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды

- Қостанай қ., Қала су арнасы басқармасының су шығарып тасталғаннан 1 км жоғары тұстамасы, су сапасы 4 класқа жатады: магний – 45,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қостанай қ. 10 км төмен тұстамасы, су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Милютинка ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында, су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,0 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,0-1,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,38-7,47, суда еріген оттегінің концентрациясы –11,07-13,03 мг/дм³, БПК₅ – 1,01-4,42 мг/дм³ барлық тұстамада. Качество воды по длине реки Тобыл относится к 4 классу: магний – 49,75 мг/дм³. Фактическая концентрация магния превышает фоновый класс.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 49,75 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Әйет өзені

Әйет өзенінде су температурасы 3,4°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,33, суда еріген оттегінің концентрациясы – 12,05 мг/дм³, БПК₅ – 3,85 мг/дм³.

–Варваринка а., ауылынан 0,2 км жоғары, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 53,5мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоғызақ өзені

Тоғызақ өзенінде су температурасы 0,0°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,62, суда еріген оттегінің шоғырлануы – 14,9 мг/дм³, БПК₅ – 2,37 мг/дм³.

- Тоғызақ ст. 1,5 км СБ, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 77,8 мг/дм³, сульфаттар – 373,2 мг/дм³, минерализация - 1340,3 мг/дм³. Минерализация мен сульфаттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Үй өзені

Үй өзенінде су температурасы 0,0°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші – 7,78, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,88 мг/дм³, БПК₅ – 1,64 мг/дм³.

– Үй ауылынан шығысқа 0,5 км, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний- 57,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы 2020 жылдың қараша айында былайша бағаланады: 4 класс - Тоғызак Тобыл, Әйет, Уй өзендері (4 кесте)

2019 жылдың қараша айымен салыстырғанда су сапасы Тобыл, Әйет, Тоғызак өзендерінде – жақсарды.

9.7 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 6 метеорологиялық станцияда (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) және Қостанай қ. атмосфералық ауаның ластануын қадағалайтын 4 автоматты бекеттерде (№2 ЛББ; №4 ЛББ), Рудный (№5 ЛББ; №6 ЛББ) жүзеге асырылды (сурет. 9.6).

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,01-0,19 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

9.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Қостанай облысы аумағында атмосфераның жер бетіндегі қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамасын алу жолымен 2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай) жүзеге асырылды (сурет. 9.6). Станцияда бес тәулік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиоактивті түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 1,3 – 2,1 Бк/м² шегінде жарылған. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.



9.4 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шұғыла шағынауданы, 24-а үй, Мұратбаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен деңгейлі ластану** болып бағаланды, СИ=0,92 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік және орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану

деңгейі **төменгі деңгейлі ластану** болып бағаланды, СИ=0,55 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% анықталды (1.2-сур.).

Жалпы кенті бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік және орташа айлық заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады


10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төменгі деңгейлі ластану** болып бағаланды, СИ=1,0 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кенті бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік және орташа айлық заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады

10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су объектісінде (Сырдария өзені және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірінғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1456,5 мг/дм³, сульфаты – 430 мг/дм³, магний – 42,7 мг/дм³. Сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магний және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: минерализация – 1490,6 мг/дм³, сульфаттар – 440 мг/дм³, магний – 54,8 мг/дм³. Сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магний және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1484,8 мг/дм³, сульфаты - 430 мг/дм³, магний – 48,8 мг/дм³. Сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магний және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Жосалы кенті, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 48,8 мг/дм³, минерализация – 1474,2 мг/дм³, сульфаты – 430 мг/дм³. Сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магний және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: минерализация – 1526,1 мг/дм³, сульфаты - 440 мг/дм³, магний – 42,7 мг/дм³. Магний және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаратерең ауылы, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 36,6 мг/дм³, минерализация – 1517,4 мг/дм³, сульфат – 430 мг/дм³. Магний және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сырдария өзені бойымен: өзен суының температурасы 6,8-8,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,3-7,8 суда еріген оттегінің концентрациясы 6,32 – 7,45 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 0,8-1,2 мг/дм³, түстілігі 6-16 градус, мөлдірлігі 21 см, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: сульфаты – 433,3 мг/дм³, магний – 45,7 мг/дм³, минерализация – 1491,6 мг/дм³.

Бірінғай жіктеме бойынша Қызылорда облысы бойынша су объектілері су сапасы 2020 жылдың қараша айында келесідей бағаланады: 4 класс -Сырдария өзені (4 кесте).

2019 жылдың қарашасымен салыстырғанда Сырдария өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгермеді.

Арал теңізі:

Арал теңізі бойымен: өзен суының температурасы 3,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,9, суда еріген оттегінің концентрациясы 7,3 мг/дм³,

ОБТ5 орта есеппен 0,8 мг/дм³, ОХТ – 10 мг/дм³, қалқыма заттар-3,0 мг/дм³, минерализация –1563,8 мг/дм³, түстілігі 11 градус, мөлдірлігі – 21 см, иісі 0 балл.

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі, Қызылорда) және Қызылорда қаласы (№3 ЛББ) мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам (№1 ЛББ) кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,01-0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,5-1,7 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

11. Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі


11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	1 шағынаудан, №3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			22 шағынаудан, №22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, озон



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=6,3 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) анықталды (1,2-сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,98 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербетті) – 1,58 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің эквивалентті дозасының қуатылығы
2			Бостандық шағынауданы, Ш.Маханбетова 14А, №20 мектеп аумағында	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, $СИ=2,7$ (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша № 1 бекет аумағында (әкімшіліктің маңы) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәнімен анықталды. (1,2-сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Ластанушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: күкірт диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.), Бейнеу к. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** деңгейде болып бағаланды, ол $СИ=0,4$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәнімен анықталды (1,2 -сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: озон (жербетті) – $1,14 \text{ ШЖШ}_{\text{от.}}$, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	$q_{\text{мг/м}^3}$	$q_{\text{м/ШЖШ}}$
Қалқымабөлшектер (шаң)	0,043	0,086
Күкірт диоксиді	0,004	0,009
Көміртегі оксиді	2,38	0,48
Азот диоксиді	0,023	0,113
Азот оксиді	0,010	0,026
Күкіртті сутегі	0,001	0,145
Көмір сутегі сомасы	1,47	-
Аммиак	0,018	0,092
Гамма-фон, мкЗв/сағ.	0,16	-

11.5 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізі суының сапасы

Орталық Каспий су температурасы 5,9-12,5°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші –7,5-8,5, суда еріген оттегі –8,0-9,01 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,0-1,6 мг/дм³, ОХТ-12,629мг/дм³, қалқыма заттар -11,111 мг/дм³, минерализация-7575,84 мг/дм³ болды .

11.6 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (*№1, №2 ЛББ*) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,16 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 2,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.7 сур. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12. Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	РМ 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
4			Қазправда көшесі	қалқыма бөлшектер(шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот

			диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
5		Естай көшесі, 54	РМ 2,5 қалқыма бөлшектері, РМ 10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак
6		Затон көшесі, 39	РМ 2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак.
7		Торайғыров-Дүйсенов көшесі	РМ 2,5 қалқыма бөлшектері, РМ 10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



12.1-сурет. Павлодар қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.1-сур.), Павлодар қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеренкі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=3 (көтеренкідеңгейі) және ЕЖҚ=3% (көтеренкі деңгейі) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша № 3 бекет аумағында (Ломов көшесі) мәндерімен анықталды(1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлар бойынша: хлор – 1,3 ШЖШ_{от.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

12.2 Павлодар қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Павлодар кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 нүкте – Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймағы*) жүргізілді.

Аммиактың, бензолдың, этилбензолды, формальдегидтің, бензиннің, фенолды, фтор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша этилбензол шоғырлары –1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластанушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (12.2-кесте).

12.2-кесте

Павлодар қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша ластанушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	$q_{\text{м}} \text{мг/м}^3$	$q_{\text{м}}/\text{ПДК}$
Аммиак	0,0010	0,005
Бензол	0,223	0,74
Этилбензол	0,0269	1,3
Формальдегид	0,0000	0,0
Бензин	3,024	0,6
Фенол	0,0005	0,048
Фтор сутегі	0,0010	0,05

12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

12.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.3-сур. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі** деңгейде болып бағаланды, ол СИ=1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) (1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.4-сур., 12.4-кесте).

12.4 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4«Г»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.4-сур. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.4-сур.), Ақсу қ. атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төменгі** деңгейде болып бағаланды, ол $СИ=1$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) (1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластанушы заттардың орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

12.5 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су объектінде – Ертіс өзенінде жүргізілді.

Ертіс өзені ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтеді.

Ертіс өзені:

- Май а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., 3 км МАЭС ағынды сулар шығарымынан жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., МАЭС ағынды сулар шығарымынан 0,8 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., қаладан 22 км жоғары, Кенжекөл ауылынан 5 км оңтүстікке қарай тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ. құтқару станциясы ауданындағы тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 1,0 км жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 0,5 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Мичурино а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.

Ертіс өзенінің барлық тұстамаларында су температурасы 0,1 – 6,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,64 – 7,90, суда еріген оттегі концентрациясы 11,22 – 13,06 мг/дм³, ОБТ₅ 1,59 – 1,75 мг/дм³, түсі 9-11 градус, иісі 0 балл.

Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

